

**«Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ
кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасы**

Жайсаң селосы

Күні: 26.11.2025

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығының 3- тарау, 12-тармағына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері. (А.Динасилова)

Қатысқандар – 12

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері – 7

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 5

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Есенғалиева күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру үшін сөзді мектеп директорының міндетін атқарушы А.Динасиловаға берді.

Сөйлеген:

А.Динасилова – өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарауы, 3-тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс №2 кеңесінің және педагогикалық кеңестің шешімімен 2025-2026 оқу жылының 3-26 қараша аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасында тапсырмалар бөлінді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік құқықтық актілер, жеке қолданыстағы құқықтық құжаттар зерделенді. Білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарға сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді (слайдтан бағалау парағы көрсетілді).

Мектептің қызметін өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттардың үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу деңгейі бағаланды.

4–9 сынып білім алушыларының ата-аналары арасында оқыту мен тәрбиелеу сапасы, жасалған жағдай деңгейін анықтау мақсатында онлайн сауалнамалар жүргізілді.

Бағалау өлшемшарттарына сәйкес толтырылған бағалау парағы бойынша білім беру қызметін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді (слайдтан бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Ж.Узақбаева және А.Сейтенова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына толық қанағаттанатынын айтты. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Динасилова ұсынған өзін-өзі бағалау нәтижелерімен толық таныса отырып, биылғы жылы атқарылған жұмыстардың жүйелілігі мен сапасының жоғары деңгейде

болғанын атап өтті. Комиссия тарапынан жүргізілген талдаудың нақты деректерге сүйеніп, барлық бағыттарды қамтығанын ерекше белгіледі. Сауалнама қорытындылары ата-аналардың мектеп жұмысына деген сенімінің артқанын көрсеткенін, педагогтердің кәсіби дамуы, материалдық-техникалық базаның жаңартылуы және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жасалған қолайлы жағдайлардың мекеменің сапалы қызмет көрсететінін дәлелдейтінін жеткізді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Есенғалиева өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысын қолдайтынын және мектептің материалдық-техникалық базасының талапқа сай екенін атап өтті. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша берілген «жақсы» және жалпы қызмет сапасы бойынша «үздік» деген қорытындылардың орынды екені, әрі оқу ордасының дұрыс бағытта дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ұжымның алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

**Күн тәртібіндегі мәселе толық тыңдалып, талқыланып, кеңес
ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын;
2. Берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін;
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурстарында жариялансын.

Кеңес төрағасы




Г.Есенғалиева

Хатшы



С.Калтаева

Комиссия мүшелері: С.Сейтказина
Г.Тегисбаева
Г.Есқабыл
Ж.Сундетбаева
М.Айнұр
Н.Уразова
С.Кеншилик



Мектеп директорының міндетін атқарушы



А.Динасилова